

**ШАҒЫН НЕСИЕЛЕР БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ****1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1. Осы «Express Finance Group» Микроқаржы ұйымы (бұдан әрі – МҚҰ) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен шағын несиелер беру ережелері (бұдан әрі – ережелер) Қазақстан Республикасының заңнамасына және МҚҰ-ның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
- 1.2. Ережелер шағын несиелер берудің жалпы шарттарын, ережелері мен тәртібін айқындайды.
- 1.3. МҚҰ жеке және заңды тұлғаларға ақылылық, қайтарымдылық, мерзімділік, қамтамасыз етілу, нысаналы пайдалану шарттарында және шағын несие беру туралы шартта (бұдан әрі - Шарт) айқындалатын басқа да шарттарда Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен шағын несиелер береді.
- 1.4. МҚҰ қарыз алушылар, шағын несиелердің мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты шарттың өзге де талаптары туралы және МҚҰ операциялары туралы мәліметтерді қамтитын шағын несие беру құпиясына кепілдік береді (осы Ережелерді қоспағанда).
- 1.5. Ережелердің көшірмесі МҚҰ-ның барлық бөлімшелерінде көруге болатын жерде, оның ішінде интернет-ресурста орналастырылуға жатады [www.inkocredit.kz](http://www.inkocredit.kz).

**2. ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРУГЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ**

- 2.1. МҚҰ өтініш берушіге келесі ақпаратты ұсынады:
  - 2.1.1. несиелік бағдарламалардың шарттары, өтінішті қарау мерзімдері және шағын несиені алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге байланысты барлық төлемдер туралы;
  - 2.1.2. шағын несиені өтеу әдісімен танысу және таңдау үшін-осы Ережелердің 8-бөлімінде көрсетілген түрлі әдістермен есептелген Шарттың және өтеу кестелерінің жобалары;
  - 2.1.3. өтініш беруші мен қарыз алушының құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі туралы;
  - 2.1.4. шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі;
  - 2.1.5. шағын несиені өтеу тәсілдері туралы;
  - 2.1.6. МҚҰ мен өтініш беруші арасындағы өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу тәсілдері туралы.
- 2.2. Шағын несие алу үшін өтініш беруші МҚҰ белгілеген нысан бойынша өтінішті толтырады.
- 2.3. Өтініш беруші қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынғаннан кейін өтініш шағын несие беру туралы шешім қабылдау үшін кредит комитетінің қарауына шығарылады.
- 2.4. МҚҰ шағын несие беруден бас тартуға немесе өтініш берушіге МҚҰ талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келу мақсатында өзге де шарттарды ұсынуға құқылы.
- 2.5. Өтініш беруші шарт жасасудан бас тартуға құқылы.

**3. ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ**

- 3.1. Шарт жазбаша нысанда шағын несие беру туралы шарт жасасу тәртібіне, оның ішінде шағын несие беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген шағын несиені өтеу кестесінің нысанына қойылатын талаптарға сәйкес жасалады.
- 3.2. Шарттың мәтіні тараптардың әрқайсысы үшін бір бір данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.
- 3.3. Шағын несие алу үшін өтініш беруші - жеке тұлға МҚҰ ұсынады:
  - 3.3.1. шағын несиені пайдалану мақсаты туралы (нысаналы шағын несие берілген жағдайда), өтініш берушінің шағын несиені өтеу және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуге берілетін мүлік туралы, оның құнын көрсете отырып, не қамтамасыз етудің жоқтығы туралы мәліметтері бар өтініш;

- 3.3.2. өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат;
- 3.3.3. өтініш беруші өкілінің шартқа қол қою өкілеттігін растайтын құжаттар (өтініш берушінің өкілі үшін);
- 3.3.4. егер берілетін шағын несиені мүлік кепілімен қамтамасыз етілген жағдайда-кепіл туралы шарт, мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері, ал мүлік кепілі міндетті түрде тіркелген жағдайда-мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік;
- 3.3.5. қарыз алушының қарыздық қатынасын және қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу үшін қажетті құжаттар мен ақпарат.
- 3.4. Шағын несиені алу үшін өтініш беруші-заңды тұлға мыналарды ұсынады:
- 3.4.1. шағын несиені пайдалану мақсаты туралы (нысаналы шағын несиені берілген жағдайда), өтініш берушінің шағын несиені өтеу және оның құнын көрсете отырып сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуге берілетін мүлік туралы не қамтамасыз етудің жоқтығы туралы мәліметтері бар өтініш;
- 3.4.2. шағын несиені алуға өтініш беруші органының шешімі;
- 3.4.3. өтініш берушінің құрылтай құжаттарының көшірмелері;
- 3.4.4. өтініш беруші өкілінің шартқа қол қою өкілеттігін растайтын құжаттар (өтініш берушінің өкілі үшін);
- 3.4.5. егер берілетін шағын несиені мүлік кепілімен қамтамасыз етілген жағдайда - өтініш берушінің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін кепіл затын беруге кепіл беруші - заңды тұлға органының шешімі, кепіл туралы шарт, мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері, ал мүлік кепілі міндетті түрде тіркелген жағдайларда-мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік;
- 3.4.6. МҚҰ несиелік бағдарламалардың талаптарына және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына байланысты шағын несиені беру және оған қызмет көрсету үшін қажетті қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұратуға құқылы.
- 3.5. Шартта тараптардың келісімімен айқындалған талаптар, сондай-ақ мынадай міндетті талаптар қамтылады:
- 1) шарттың жалпы талаптары;
  - 2) Қарыз алушының құқықтары;
  - 3) МҚҰ құқықтары;
  - 4) МҚҰ міндеттері;
  - 5) МҚҰ үшін шектеулер;
  - 6) міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;
  - 7) шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі болуға тиіс.
- 3.6. Несиелік сарапшы Қарыз алушымен Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шағын несиені өтеу кестесін келіседі.
- 3.7. Қарыз алушы шарттың мәтінін, өтеу кестесін зерделейді және мақұлдаған жағдайда оған МҚҰ уәкілетті қызметкерінің қатысуымен қол қояды.

#### **4. БЕРІЛЕТІН ШАҒЫН НЕСИЕЛЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ, МЕРЗІМДЕРІ МЕН МӨЛШЕРЛЕРІ**

- 4.1. шағын несиелердің шекті сомалары:
- минималды сома - 10 000 теңге;
  - максималды сома - айлық есептік көрсеткіштің 20 000 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде.
- 4.2. шағын несиелердің шекті мерзімдері:
- минималды мерзім -1 ай;
  - максималды мерзімі - 72 ай.
- 4.3. сыйақының шекті мөлшерлемелері:
- минималды сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 0,01%;

- сыйақының максималды мөлшерлемесі - жылдық 38,4%;
- максималды жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі - 46%.

## **5. БЕРІЛГЕН ШАҒЫН НЕСИЕЛЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

- 5.1. Қарыз алушы шағын несиені пайдаланғаны үшін МҚҰ-ға шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сыйақы төлейді.
- 5.2. Сыйақы шағын несиені пайдаланудың күнтізбелік күндерінің нақты саны негізге алына отырып, өтелмеген негізгі борыш сомасына есептеледі. Сыйақыны есептеу базасы 360 күнге тең күнтізбелік жыл және 30 күнге тең ай болып табылады.
- 5.3. Берілген шағын несиені пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі шағын несие беру мерзімінен тәуелсіз, бір жылға қайта есептегенде шартта көрсетіледі.
- 5.4. Қарыз алушының шағын несиені пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуі Шартқа қоса берілетін өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.
- 5.5. Кезекті төлемді өтеу мерзімін өткізіп алған жағдайда сыйақы шағын несиені пайдаланудың нақты мерзімі уақытына есептеледі, сондай-ақ Шарттың талаптарына сәйкес мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұл есептеледі.

## **6. МҚҰ ҚАБЫЛДАЙТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

- 6.1. Несиелік бағдарламаға байланысты қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауы кепілдікпен және (немесе) кепілмен қамтамасыз етілуі мүмкін.
- 6.2. Кепілгер ретінде жеке тұлға да, заңды тұлға да бола алады. Бұл ретте кепілгер қарыз алушымен бірге міндеттемелердің орындалуы үшін ортақ жауапкершілікте болады.
- 6.3. Егер кепілгер заңды тұлға болған жағдайда, кепілгер – заңды тұлғаның уәкілетті органының қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін кепілдік беру туралы шешімін, сондай – ақ кепілгер-заңды тұлғаның атынан кепілдік шартына қол қоюға өкілдің өкілеттігін растайтын құжатты ұсыну талап етіледі.
- 6.4. Кепіл беруші Қарыз алушының өзі де, үшінші тұлға-жеке немесе заңды тұлға бола алады.
- 6.5. Егер кепіл беруші заңды тұлға болған жағдайда, қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін кепіл затын беруге кепіл беруші – заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімін, сондай – ақ кепіл беруші-заңды тұлғаның атынан кепіл шартына қол қоюға өкілдің өкілеттігін растайтын құжатты ұсыну талап етіледі. кепілге.
- 6.6. Айналымнан алынбаған және айналымда шектелмеген жылжымалы және жылжымайтын мүлік алынады. Қамтамасыз етуге қойылатын талаптар несиелік бағдарламалардың талаптарымен және МҚҰ-ның ішкі құжаттарымен айқындалады.
- 6.7. Кепілге берілетін мүлікке меншік құқығы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен ресімделуге тиіс.
- 6.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеуге жататын мүлік кепілі осы мүлікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуге тиіс.

## **7. БЕРІЛЕТІН ШАҒЫН НЕСИЕЛЕР БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

- 7.1. Қарыз алушының негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі Шарт талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерін (өсімпұлын, айыппұлын) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері ескеріле отырып есептелетін, шағын несие бойынша анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін сыйақы мөлшерлемесі жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.
- 7.2. Шағын несие бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден аспауға тиіс.
- 7.3. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеудің жүргізілуі:
  - 1) Шарт, оған қосымша келісімдер жасасу күніне;
  - 2) қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

3) қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда.

7.4. Берілетін шағын несиелер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі келесідей формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұндағы:

n-қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі.

j-қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі.

S<sub>j</sub>-қарыз алушыға j-төлем сомасы.

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі.

t<sub>j</sub>-шағын несие берілген күннен бастап қарыз алушыға j-төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күнмен).

m-қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі.

i-қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі.

P<sub>i</sub>-қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы.

t<sub>i</sub>-шағын несие берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

## 8. ШАҒЫН НЕСИЕНІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

8.1. Шарт жасалғанға дейін несиелік сарапшы қарыз алушыға шағын несиені өтеу кестесінің жобаларын ұсынады.

8.2. Өтеу кестелерінің жобалары мынадай өтеу әдістерімен есептеледі:

- сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте шағын несие бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылады;
- аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте шағын несие бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын шағын несиенің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан өзгеше болуы мүмкін;
- басқа әдіс.

## 9. ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРУДІҢ ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАРЫ

9.1. Шағын несиелер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен, қолма-қол ақшамен, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз тәртіппен қарыз алушының банк шотына ақша қаражатын аудару арқылы беріледі.

9.2. Шағын несиені өтеу тек ҚР Ұлттық валютасымен – теңгемен, шартқа өтеу кестесіне сәйкес төлемдермен МҚҰ қассасына немесе компанияның банктік шотына жүргізіледі.

9.3. Нысаналы шағын несие берілген жағдайларда МҚҰ оның нысаналы пайдаланылуын бақылауды мүлкікті қарап тексеруді, растайтын құжаттарды тексеруді, мәліметтерді сұрауды, дара кәсіпкерлікті жүзеге асыру орнына баруды қоса алғанда, әртүрлі тәсілдермен жүзеге асыруға құқылы, ал қарыз алушы МҚҰ-ның осындай бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.